

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

Большой киргизской орды Сюка Аблайханова» атты ғылыми жарияланымдары куә бола алады [4, 90 б.].

Ә.Бөкейханов назарынан Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі де тыс қалмаған. Оның бұл тақырыпта 1923 жылы Ташкентте «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты кітапшасы шыққан. Бөкейханов халықтың ауыз әдебиеті мұраларынан үлгі алмай ұлттық әдебиеттің өркендеуі мүмкін емес деп түсінген. Ол ауыз әдебиеті туындыларын жинауға көп күш салды. Сондай-ақ, Ә.Бөкейханов тұңғыш абайтанушы да болды. Абай шығармаларын жаңа заманның тынысы, лебі деп түсінді, қалыптасып келе жатқан қазақтың жаңа ұлттық әдебиетінің бастамасы деп бағалады. Абайдың өлеңдері мен нақыл сөздерінің тұңғыш жинағын редакциялап, жинақтың 1909 жылы Санкт-Петербургте басылып шығуына қол ұшын берген [12, 17 б.].

Ә.Бөкейхановтың кейінгі ұрпаққа қалдырған әдеби мұрасының ең көлемдісі-көркем аударма. Аудармаларының ішінде орыстың классик жазушылары Л. Н. Толстой, А.П. Чехов, В.Г. Ш. Д. М. Мамин-Сибиряктармен қатар, Еуропаның қаламгері, сондай-ақ, үнді, түркі тектес халықтардың әдеби шығармалары бар. Ә.Бөкейхановтің көркем аудармаларының басым көпшілігі 20-30 жылдар аралығында, яғни 1922-1927 жылдар аралығында КСРО халықтарының орталық баспасындағы Қазақ секциясының әдеби қызметкері болып қызмет етіп жүрген кезінде аударған. Бөкейханов қазақ және орыс тілдерінде қатар жазған публицист. Оның қаламынан шыққан мақалалар Санкт-Петербургтің «Сибирские вопросы», «Биржевые ведомости», «Новая жизнь» секілді басылымдарынан жиі көрініп тұрған. Ол халықтың сана-сезімі мен ұлттық мәдениетін көтерудегі баспасөздің орасан зор маңызын бағалай білген. Ә.Бөкейхановтің атқарған ісі, кейінгі ұрпаққа қалдырған аманат-мұрасы әлі де жан-жақты талданып, зерттеле түспек [2, 20 б.]

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 2003.
2. Әбдіманов Ә. «Қазақ» газеті, Алматы «Қазақстан» 1993.
3. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақстан, 1994.
4. Бөкейханов Ә, Таңдамалы. Шығармалар жинағы 2-кітап. - Алматы: «Өлке» баспасы, 2003 ж.
5. Бөкейхан Ә. 9 томдық жинағы. –Астана, 2013.
6. Бөкейхан Ә. 15 томдық жинағы. Алаш зерттеу институты. – Нұр-Сұлтан, 2020.
7. Мәмбет Қойгелдиев Алаш қозғалысы., Алматы «Санат», 1995 жылы
8. Құл-Мұхаммед Қ. «Алаш» бағдарламасы: Қиянат пен Ақиқат.- Алматы, «Атамұра», 2000.
9. Омашев Н. Алаш арыстарының саяси басшылығы. - А.: «Қазақ университеті» 2007.
10. Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. «Алаш қозғалысы». - Алматы: «Сардар» Баспа үйі, 2014. - 122-128 бб.
11. Сақ Қ. Алаш мұрасы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2014.

XV – XVIII ҒҒ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ («МАТЕРИАЛЫ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСКИХ ХАНСТВ XV – XVIII ВЕКОВ» ДЕРЕКТЕР ЖИНАҒЫ БОЙЫНША)

Смагулов Д. С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
ҚР БҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК Орта білім берудегі тест тапсырмаларын қалыптастыру басқармасы Жоғары оқу орындарына түсу емтихандарының тест тапсырмаларын қалыптастыру ғылыми-әдістемелік зертханасының меңгерушісі

Еуразия кеңістігіндегі ұлан-ғайыр территорияны мекендеген Қазақ хандығының тұрғындары ежелгі дәуірлерден бері мал шаруашылығымен қоса, егіншілікпен шұғылданып, аң аулап, кен қорытып, қолөнермен де айналысқан. Мұны Еділ мен Жайық бойларында, Жетісу өңірінде, Сырдария, Талас алқаптарында, Орталық Қазақстанда, Алтай тауларының қойнауларында кездескен тарихи-мәдени ескерткіштер дәлелдейді. Көпшілік ортағасырлық араб-парсы деректері де осыны дәлелдеуге мүмкіндік беріп отыр. Көптеген зерттеушілердің

еңбектерінде XV – XVIII ғасырларда Қазақ хандығында көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы, отырықшы шаруашылықтың болғандығы аталып өткен.

Сонымен қатар XV – XVIII ғасырлардағы қазақ жері мәдениеттің дамып, гүлденген орталықтардың бірі болған. Мақалада «Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений)» (бұдан әрі – МИКХ) [1] атты деректер жинағындағы мәліметтер арқылы Қазақ хандығының мәдени-шаруашылық жағдайын тарихи географиялық тұрғыда қарастыруға талпыныс жасалады.

Еліміздің географиялық орны мен табиғат жағдайлары әр түрлі шаруашылықтардың дамуына өз септігін тигізген. Қазақстан қоңыржай белдеудің орта және оңтүстік ендіктерінде орналасқан. Дәл сол ендіктердегі Шығыс Еуропа қоңыржай континенттік климатымен, ал Батыс Еуропа субтропиктік климатымен ерекшеленсе, Қазақстан шұғыл континенттік климатымен көзге түседі. Қазақстан табиғатының бір шетінің екінші шетінен айырмашылығы үлкен. Сол айырмашылықтарға орай қазақ халқының шаруашылығы да географиялық ерекшеліктеріне сай әр түрлі болып келеді. Мәселен, оңтүстіктегі тау етектерінде алма мен өрік гүл атқан кезде, солтүстік аймақтарда әлі суық, қарлы боран соғып тұрады. Қазақстан жерінде қатаң Сібір мен қапырық Орта Азия тоғысып жатқандай.

Географиялық орнына қарай қазақ жерінде орманды дала, дала, шөлейт және шөл зоналары қалыптасқан. Ендік бойымен батыстан шығысқа қарай, материк ішіне тереңдеген сайын, климаттың континенттігі арта түседі. Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен шығыс таулы өңірлерінде ландшафттардың күрделене түсетін алуан түрлі биіктік зоналары байқалады. Қазақстанның географиялық орнына байланысты барлық өңірлерде жылдың төрт мезгілінің ауысуы айқын көрінеді. Қазақстан климатының қазіргі уақыттағы осындай сипаттамасын белгілі ғалым, зерттеуші Б. Е. Көмековтың ортағасырларда араб тілінде жазылған ескерткіштердің негізінде жасаған қазақ жерінің ортағасырлардағы климаттық жағдайы сипаттамасымен салыстырсақ айтарлықтай өзгерістердің болмағандығы байқалады. Ғалым «Араб тіліндегі тарихи және географиялық шығармаларда территориясы таулы жүйелермен, өзен алқаптарымен, шөлді және жартылай шөлді аймақтармен алмасып отыратын, айтарлықтай дәрежеде далалы белдеулерден тұратын Қазақстанның қатаң қысы мен ыстық жазы кенет құбылмалы құрлықтық климаты аталып кеткен» [2], - деп көрсетеді.

Қазақстанның шұғыл континенталды климатының ерекшелігі туралы МИКХ жазба деректеріндегі Камал ад-Диннің «Шайбани-наме» («Шайбани туралы кітап». – Д. С.) шығармасында кездеседі. Деректе Мұхаммед Шайбани мен Жәнібек ханның ұлы Махмұд сұлтан арасындағы Созақ маңында өткен шайқас кезіндегі ауа-райы сипатталады. Қақтығыс қыс мезгілінде болған. Күннің адам төзгісіз өте суық болып, адамдар мен жылқыларға тіпті көз аштырмағандығы хабарланады [3, 105-б.]. Қазақстан территориясының осындай географиялық ерекшеліктеріне байланысты қазақ жеріндегі халықтар ежелгі дәуірлерден бері жоғарыда аталып өткен көшпелі, жартылай көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы шаруашылықтарымен айналысқан.

Қазақ халқының негізгі шаруашылығы – көшпелі мал шаруашылығы болды. Төрт түлік малды қазақтар кесе киім, жесе ас, мінсе көлік ретінде қолданды. Сонымен қатар көршілес халықтармен сауда қатынастарында қаражат көзі болып та есептелді. Араб-парсы деректерінен кейінгі ортағасырларда қазақтардың жылқы, қой, ешкі, ірі қара, түйе өсіргендігін көруге болады.

Әсіресе жыл мезгілдері айқын білінетін Қазақстанның қоңыржай белдеулік климаттық жағдайында жылқы мен қойдың саны елеулі түрде көбірек болғанын білеміз. Бұл аталған түліктердің қыс мезгілдеріне төзімділігімен, тебіндеп жайылуымен түсіндіріледі. Түрлі зерттеулерге шолу жасай отырып, XIX ғасырдың орта шеңінде еліміздің экономикалық өмірінде капиталистік қатынастардың ене бастаған уақыттарына дейін де ірі қара мал санының аз мөлшерде өсірілгенін аңғаруға болады.

Халқымыздың өміріндегі малдың маңыздылығы жөнінде Ш. Ш. Уәлиханов «Дала көшпелісін ішіп-жегізетін де, киіндіретін де мал, ол үшін өз тыныштығынан малының аман болғаны қымбат. Жұртқа мәлім, қырғыздар бір-бірімен амандасқанда: «мал-жаның аман ба?»

деген сөздермен бастайды. Отбасының мал жайын алдын ала сұрастыруы көшпелілер өмірінде малдың қаншалықты маңызы барын айқын көрсетеді», - деп атап өткен болатын [4, 28-б.]. Белгілі зерттеуші З. Қинаятұлы болса «ежелден келе жатқан дәстүр бойынша қазақ қоғамында жер мен су қауымның (ру, тайпа) меншігінде болды. Осы жерде мына жағдайды ескертіп айту керек: көшпелі қазақтың беделі жайылымның санымен емес, малының санымен өлшенеді. Кімнің малы көп болса, сол жер мен суға иелік етеді. Мал оның жеке меншігі болып, қазақ ең алдымен малдың жағдайын күйттеді. Өйткені мал қазақтың негізгі және тұрақты капиталы болып есептеледі», - деп төрт түліктің қазақ қоғамы өміріндегі маңызын ашып көрсеткен [5].

Көшпелі өмір салтында бағалы түліктің түрі жылқы болған. Жылқы малы мініске төзімді, алыс-жақын жерлерге қатынауға, шалғай жайылымдарды игеруге, аң аулау мен жорықтарға мінуге қолайлы болған. XVI ғасырдың басындағы қазақ ханы Қасымның (1518 ж. өлген) аузынан Мұхаммед Хайдар Дұғлаттың есіткен мына сөздері жылқы малының сол кезеңдегі қазақ қоғамы өміріндегі маңызын көрсетеді: «Біз – дала тұрғындарымыз; бізде сирек кездесетін қымбат бұйымдар да, тауарлар да жоқ, біздің басты байлығымыз жылқы; оның еті мен терісі біз үшін ең жақсы ас әрі киім, ал біздің ең сүйікті сусынымыз да соның сүтінен дайындалады, біздің жерімізде бау-бақ та, ғимараттар да жоқ; біздің көңіл көтеретін жеріміз – мал жайлымы мен үйірлі жылқы, сондықтан біз аттарды қызықтау үшін жылқы үйірлеріне барамыз» [6, 352-б.].

XV – XVIII ғасырларда қазақ жерінде, Шығыс Дешті Қыпшақта мекен еткен халықтар табиғи-климаттық ерекшеліктерді, жер бедерлері мен олардың маусымдық ерекшеліктерін жақсы білген. Ол жөнінде белгілі ғалым, зерттеуші Б. Е. Көмеков өз еңбегінде «Бұл ұлан-байтақ аймақтардағы үнемі малды алдыға салып айдап көшуді жаздық және қысқы жайылымдарды іздеп бетімен жүре беру деп ойламау керек. Көші-қон жолдары көптеген жылдар бойы қалыптасқан. Көштер белгілі өзен жағалаулары мен асып өтуге болатын тау шатқалдары арқылы мөлдір су мен шөбі шүйгін жайылымдарға жеткен. Қалыптасқан көші-қон бағыттарын маңызды экономикалық, әлеуметтік немесе саяси себептер ғана өзгерте алар еді. Көші-қон ережелері жылдың әр маусымдарына қарай белгілі бір аймақтардағы шөп жамылғыларының өсу ерекшеліктеріне негізделген. Сонымен бірге әр түрлі жем-шөп қорларының құнарлылығын білу керек болған. Мәселен, жылқы малына бетеге тұқымдастар, қой мен ірі қара малға шалғынды шөптер, түйелерге шөлейттердің флорасы ең жақсы жайылымдары еді», - деп көрсеткен болатын [7, 89-б.].

Махмұд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар» шығармасында Шайбани хан баласы Бахадүрдің әкесі өлгеннен кейін ұлыс бойынша билікті қолына алып, барлық туысқандарын жинап Ақ Орданы қыстау мен жайлауға таңдап алынғаны жазылады [8, 347-б.]. Көрсетіліп отырған деректен «қыстау мен жайлауға» деген сөздерден аталған аймақтардағы халықтардың көшпелі шаруашылықпен шұғылданғандығына дәлел бола алады. Көшпелілік жыл маусымдарына сәйкес төрт үлгіге бөлінген. Олар қасқы (қыстау), көктемді (көктеу), жазғы (жайлау) және күзгі (күзеу). Қыстаулар мен маусымдық көші-қон жерлердің арасы жүздеген шақырымдарға дейін жеткен, ол үшін бірнеше ай бойы көшіп-қонып жүретін болған.

Қыстаулар үшін жерлер көбінесе қамыс пен бұталар көбірек өсетін, қыс қатаң болған кезде олардың малға азық, қарлы борандарда ықтасын болсын оймен өзендердің жағалары таңдап алынатын. Қазақтарға Сыр бойының орта және төменгі ағыстары аймақтары қысқы жайылымдарға өте қолайлы болды. Сонымен бірге XVI ғ. қазақтардың қыстаулары Жайық өзенінің және Балқаш көлінің жағаларында, Қарақұмда аймақтарында болған. Шаруашылық үшін ең қиын айлар, ол солтүстік жарты шардағы қоңыржай белдеулерде ең суық айлар болып саналатын қаңтар мен ақпан айлары болып есептелді. Бұл айларда малдың қоны қайтып, әлсіреп, күтімді көбірек қажет ететін шақ. Оның үстіне аяз күшейіп, далада бұрқасынды-боран маусымы басталады.

Көшпелі қоғамда көктем мезгіліне жеткен шақ қашан да қуанышпен қарсы алынған. Көшпелі қауым осы кезде көктемгі жайылымға шығатын. Көктеуде мал төлдеп болып, қон

жиған шақта қазақтар жайлауға көшетін болған. Жаз мезгілі аяқталған соң көшпелі халық күзеуге көшіп, одан ары қыстауларына қайтып келіп отырған. Бір ерекшелігі әр рудың өзінің көктеуге, жайлауға, күзеуге шығатын жерлері болған. Дала халықтарының жазылмаған ережелеріне сай ешкім де басқа бір рудың жайылымдарына, мекендеріне барып қоныстанбаған.

Қазақстанның оңтүстігінде, Қаратаудың күнгей беткейінен бастау алатын өзендер мен Сырдария өзені алқаптарында отырықшы немесе тебіндеп жайылатын мал шаруашылығы дамыды. Осы аймақтардағы қыстақтар мен қалалардағы халықтар мал шаруашылығын суармалы, тәлімді егіншілікпен, қосымша балық аулаумен де ұштастырған. Ал таза мал шаруашылығымен айналысатындар жал бойы жайылымнан жайылымға көшіп жүретін еді. Оңтүстік Қазақстан өңірінде жартылай көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы шаруашылық ұштастырыла жүргізілді. Көктем және жаз маусымдарында Шығыс Дешті Қыпшақ даласына көшетін ауылдар қыс қайта Сырдария өзені бойына, Түркістан аймағына (Сырдың орта ағысы) қайта көшіп келетін еді. Ортағасырлық деректерде, соның ішінде Сығанақтан шыққан XV – XVI ғғ. грамоталарда «тұратын [үнемі] мекендер (дихнишин), [жартылай отырықшы] қыстақтар (кишлакнишин) және көшіп жүретін (сахранишин) аймақтар» атап өтіледі [9, 318-б.].

Қазақтардың көшпелі мал шаруашылығын отырықшылықпен ұштастыра жүргізгенін Қасым ханның (XVI ғ.) моғол ханы Сеид ханға айтқан «...қыс болса жақындап қалды, біз, дала өңірінің тұрғындары, бұл кезде қыстау мәселесінің қамын ойластыруымыз керек», - деп айтқан сөздерінен көруге болады [10, 227-б.]. Осы және де басқа дереккөздеріне сүйене отырып ғалым К. Есмағамбетов өзінің «Елдік белестері» атты мақаласында Қазақ хандығы кезіндегі қазақтардың көшпеліліктен гөрі, жартылай отырықшы болғандығын алға тартады [11].

Жалпы көшіп-қонатын жер аумағы мен құрамына қарай (бір немесе бірнеше отбасы, бүкіл руымен) көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы түрлі сипатта болды [12, 171-б.]. Көшпелі және отырықшы мәдениеттің өзара қатынастары қазақ халқының этникалық даму процесінде маңызды қызмет атқарды. Тұрғындардың шаруашылықтарының сипаты әр түрлі мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысатын отырықшы топтарының саяси, мәдени, әлеуметтік және этникалық өзара қатынастары мен ықпалы қалыптаса бастаған бір халық шеңберінде оның шоғырлану процесіне жақсы әсер етті [12 182-б.].

Белгілі зерттеуші Б. Б. Кәрібаев өзінің зерттеу жұмысында «Қазақ хандығы құрылған кезде Сыр бойындағы жерлер Темір әулеттерінің қол астында болды. Қазақ хандығының экономикалық мүддесіне сай осы жерлерді қайтару Қазақ хандығының басты міндеті еді. XV ғасырдың соңғы 30 жылы Қазақ хандығының Сыр бойы үшін жүргізген күрестерімен сипатталады», - деп жазады [13, 26-б.]. Қазақ хандығының Сыр бойы қалалары үшін соғыс жүргізуінің себебі бұл аймақтар мал шаруашылығын дамытуға қолайлы табиғи жағдайға ие еді.

Сыр бойы қалалары үшін Қазақ хандығы отыз жылға жуық шайбанидтермен соғыс жүргізді. Осындай соғыстар мен талас-тартыстардың, жұттардың салдарынан қатардағы көшпелі малшылардың күйзеліске ұшырауы, әсіресе оларды Сырдария қалалары мен Жетісу ауданында, яғни ежелгі егіншілік мәдениеті ауданында отырықшы болуға амалсыздан әкеп соқтырды. Жерге отырықшыланған бұрынғы көшпелілер түркі тілді, араб тілді және басқа тілді өзге де этникалық қауымдастықтарға жататын жергілікті тұрғындармен шаруашылық, мәдени және этникалық байланыстар жасап, нақ Оңтүстік Қазақстан халқына тән өз ерекшеліктері бар этникалық топтар құрады [9, 314-318-б.].

Хандар ғана емес, солармен қатар үлес иелері, тайпалар, ұлыстар билеушілері де өз карамағындағы адамдар мен жерлерді ұлғайтуға ұмтылды. Көшпелі феодалдар да, отырықшы феодалдар да жер мен жайылымдықтар, егістік учаскелер, су көздері үшін үздіксіз соғыс жүргізді. Ақ Орда, Өзбек хандығы, Моғолстан тарихы тайпа басшыларының жер иелену жолындағы кескілескен күресіне толы. Тайпа феодалдарының басып алған

жекелеген аудандарға, үлкен жер учаскелеріне құқығы камал салған соң біржолата бекіді [10, 194-б.].

Жоғарыда аталған мәселелерге қарай отырып, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймақтарында жартылай көшпелі және отырықшы шарушалықтардың қалыптасуына тек қана шапқыншылықтар әсер етті деп айтуға болмайды. Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Қазақстанның тұрғындары өмірінде егіншілік көне заманнан маңызды рөл атқарды. Сығанақ, Ясы, Сауран, Отырар, Сайрам және басқа қалаларда егіншілік пен қолөнер кәсібі Моңғол шапқыншылығынан кейінгі кездерде қайта өркендей бастады, сауда айналымы да өсе түсті.

XV – XVIII ғасырлардағы қазақ халқы шаруашылығындағы отырықшылық туралы сөз қозғағанда, бірінші кезекте қазақ халқының өмірінде маңызды рөл атқарған Сығанақ қаласы маңындағы халықтардың шаруашылықтарына толталған жөн. Сығанық өлкесіндегі заң құжаттарында (олар небары үшеу) XVI ғасырдың екінші жартысынан басталатын үш ғасыр бойындағы жер-су құқықтары көрсетіледі [9, 313-б.]. Осы құжаттар негізінде Түркістан өлкесінде болған вакфтық шаруашылықтың жер мен суды пайдалану жүйесінің болғандығын байқауға болады. Құжаттарда түрлі салықтар мен міндеткерліктер жайында да материалдарды кездестіреміз. Грамоталарда кездесетін біршама елді-мекен атаулары қазіргі кезеңге дейін аталып жүрген географиялық атаулармен айтылуы да маңызды дерек болып табылады. Аталған құжаттар Сығанақ өңіріндегі жер иелену шаруашылығын зерттеуде көп пайдасы бар екендігі дау туғызбайды.

Сыр бойы қалалары егіншілік жазиралары ретінде көптеген зерттеушілердің еңбектерінен белгілі. Осындай егіншілік жазираларға бай алқаптардың бірі Сығанық қаласының төңірегі. Сығанақ қаласы XIV – XV ғғ. бекініс қалаға, ірі сауда және қолөнер орталығына айналды. Бұған қаланың географиялық орналасуы, оның көшпелі мал шаруашылығы дамыған Шығыс Дешті Қыпшақ аумағы мен Түркістанның отырықшы-егінші аймақтарымен шектесе орналасуы септігін тигізді.

Фазлаллах ибн Рухбихан Исфханидің айтуына қарағанда «ертеде бұл тұрғындары көп, көрікті қала болыпты... қалада тыныштық орнап, барлық қажетті иеліктер өндірілген» [14, 116-б.]. Ол XVI ғ. басында Сығанаққа жолы түсіп, қаланы өз көзімен көрген.

Қала мен оның маңындағы халық суармалы егіншілікпен шұғылданған; суармалы өлкелерде бау-бақша мен бақша дақылдарын өсірген, дәнді дақылдар өсірілетін суармалы, тәлімді жерлер қаладан алшақ орналастырылған. Фазлаллах ибн Рухбихан Исфхани: «өңделген егістікті [Сығанақ төңіріндегі. – ред.] – суландыратын каналдардың... бәрі Сейхун өзенінен тартылатын еді», - деп жазады [14, 116-б.]. Сол каналдардың бірі ежелгі дәуірлерден бері келе жатқан Төменарық каналы. Ол қаланы сумен жабдықтап қана қоймай, біраз аумақты суландырып та отырды. Сонымен қатар грамоталардағы деректерде Бозғұлұзақ деген басқа да каналдың болғандығы кездеседі. Ол Сыр өзені арнасынан тасыған кезде жайылған сумен толатын өзі аттас көлден бастау алып қалаға су әкелетін болған. Хижра жыл санауы бойынша 803 (1400 – 1401) жылы Темір жазған делінетін грамотада осы аталған екі каналдардың да аттары аталады [9, 317-б.]. Каналдар қала маңына келгенде көптеген ұсақ арықтарға тарамданып кетіп отырған. Қаланы сонымен бірге Сығанақтың солтүстігі мен солтүстік-батыс бөлігі жағында жатқан Қаратау тауынан ағып шығатын шағын тау өзендері де сумен қамтамасыз ететін. Мәселен, Сығанақ өлкесі заң құжаттарында Қызылтал (Қызылтам өзенінен), Ордакент, Арысланды (Арыстанды өзенінен), Келте-Шалғия, Шөлек (Шолак) арықтарының және Қысаршық, Қараш, Тоқтамыс су көздерінің (бұлақтар, құдықтар) атаулары аталады.

Құжаттарда суармалы Сығанақ аймақтарында дәнді-дақылдардан арпа, бидай және бау-бақша дақылдары өсірілгені туралы деректер бар. Сонымен қатар жүзім мен бау өсірілген. Оңтүстік аймақтардағы вегетациялық кезеңнің ұзақтығы ежелгі дәуірлерден бері егін шаруашылығының дамуына септігін тигізген. Қожа-Тумасы арығы арқылы суарылатын аудандардың бірі Темірдің вакфнамесінде Қожа Ахмет Йассауи кесенінің вакфы аталған. Сығанақ грамоталарының кейіннен жасатылған деген пікірлер де бар. Дегенмен, ондағы тарихи-географиялық деректер ақиқатқа сәйкес келеді. Грамоталардағы Сығанақ қаласы

және оның аймағындағы халықтардың шаруашылығы туралы деректер қала орнына жүргізілген археологиялық жұмыстардың негізінде дәлелденіп отыр.

Сонымен қатар Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы көптеген қалалар егіншіліктің ошақтары болды. Олардың қатарына Сауран, Сайрам және Отырар және т. б. қалалар жатады. Сауран жазирасының климаты егіншілікке қолайлы болған. Ол туралы жазба деректерде «Сауран ашық далада, тегіс жерде орналасқан сәнді қала. Үнемі таза ауа соғып, көңіліңізді қуаныш нұрына бөлейді. Қаланың сыртында жайылымдықта сансыз көп қой мен ешкі жайылады; қала төңірегінде (нахийя) бау-бақша, неше ағаштар өсіріледі», - деп жазылған. Сауран қаласын сумен қамтамасыз етіп, оның егістік алқаптарын суару үшін Қаратаудың сілемдерінен бастау алатын өзендер мен кәріздер арқылы шығарылатын жер асты сулары қолданылған.

Сығанақ және Сауран аймақтарында село мен село өңірінің жазиралары қалыптасты. Сырдариядан шығарылған екі арна, Сығанақ пен оның төңірегін сумен қамтамасыз еткен [9, 317-б.].

Ертедегі егіншілік пен сауда-қолөнер орталығы болған қалалардың бірі Испиджаб, яғни Сайрам қаласы. XIV – XV ғғ. қала Шығыс Дешті Қыпшақ, Түркістан, батыс Моғолстан мен ортаазиялық Темір ұрпақтары мемлекеттерінің мүдделері тоғысқан, географиялық жағдайынан қолайлы болып келетін жерде орналасты. Ортағасырлық араб-парсы деректерінің барлығында да жоғарыда аталған мемлекеттердің осы Сайрам қаласын иелену үшін соғыс жүргізгендігін, көптеген қақтығыстар осы қала үшін болғандығын айтады. Зерттеушілер Сайрам қаласында ежелгі дәуірлердің өзінде де егін шаруашылығының жоғары дамығанын айтады. Сайрам жазирасындағы егістік жерлердің барлығы да Қаратау мен Талас Алатауының оңтүстік сілемдерінен бастау алатын өзендерден бастау алған арықтар арқылы суарылатын еді. Бұл өзендер Хафиз Таныш (Тыныш) бен Мир Мұхаммед әл-Бұхаридің «Шараф-наме-йи шахи» (Шах дәуірінің кітабы) еңбегінде аталып өткен, олар Саурамсу, Арыс, Ақсу, Шаян, Бөген, Арсландық (Арыстанды) және т. с. с. [15, 268, 269]. Сайрам аймағы Оңтүстік Қазақстандағы егін шаруашылығының аса ірі орталықтарының бірі саналды. Кейбір зерттеушілеріміз, тіпті, қазақтардың ата-бабалары да сақтардың заманан бері отырықшы өмір кешкендігін, егін шаруашылығымен айналысқандығын археологиялық материалдар дәлелдеп отыр [16].

XV – XVIII ғасырлардағы Қазақстан территориясындағы халықтар көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшылықпен ғана шұғылданып қоймай, ішінара кең сахарада аң, өзендерден балық аулауды кәсіпшілік еткен. Дешті Қыпшақта алуан түрлі жануарлар дүниесі бар кең-байтақ кеңістігі көшпелілерге жеке-дара және ұжым болып аңшылық етуге зор мүмкіндік берді. Ортағасырлардағы бұл елді жақсы білген авторлар дештілік көшпелілердің «көбінесе садақпен тамаша аң аулай білетіндігін» атап көрсетеді. Аң аулаудың бірнеше түрлері болған. Алайда, аң аулау дербес кәсіп болмаған, қайта мал шаруашылығына көмекші кәсіп болған, дегенмен де дала тұрғындарының өзіндік шаруашылығында, сірә, оның маңызы аз болмаса керек [12, 464-б.].

Қазақтардың шаруашылығында әр түрлі қолөнер мен үй кәсіпшіліктері елеулі орын алды, олардың көпшілігі мал шаруашылығы өнімдерін өндеумен байланысты еді. Қазақтар ежелден тері өңдеп, киіз басуды, оларды түрлі түске бояуды білген, олар теріге, металға және тағы басқа материалдарға батыру арқылы өрнектеуді, құрап-жамау және кестелеп тігу тәсілін шебер меңгерген [12, 464-б.].

XV – XVIII ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ жерін мекен еткен халықтардың материалдықпен қоса рухани мәдениеті де дамыды. Ф. Страленберг Қазақ хандығын Қазақ Ордасы («Kosachi Nordae») деп атап, қазақтардың көне мәдениеті бар халық екендігіне деректер келтіреді. Олардың ішінен автор «жұмбақ жазуларды» (Орхон-Енисей жазуларын), Солтүстік және Оңтүстік Қазақстандағы ескерткіштерді, әсіресе, Ұлытау шыңдарының біріндегі петроглифтерді, Ертіс пен Есіл өзендері жазығындағы көне мазарлар мен қорғандарды айтады [11].

МИКХ-тағы қарастырылған араб-парсы деректері, археологиялық және этнографиялық деректер арқылы XV – XVIII ғасырлардағы қазақ халқының мәдени және шаруашылық өмірін көзге елестетуге болады. Қазақ жерінде Қазақ хандығы кезеңінде көшпелі мал шаруашылығы, жартылай көшпелі мал шаруашылығы және отырықшы шаруашылық түрлері де болған. Біз оны көптеген тарихшы-зерттеушілердің еңбектерінен көре аламыз. Қазақ жерінің географиялық ортасы, табиғатының алуан түрлілігі, бай флорасы мен фаунасы және ландшафттарының байлығы көптеген шаруашылық түрлерінің жүргізілуіне мүмкіндік берген. Шығыс Дешті Қыпшақ аймағын мекендеген халықтар ежелгі дәуірлерден бері табиғатпен етене байланыста, гармонияда өмір сүрген.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. 651 с.
2. Көмеков Б. Е. IX – XV ғғ. араб тілінде жазылған ескерткіштер аясындағы Қазақстанның мәдени мұралары // Отан тарихы. – 2005. – № 2. – С. 79-82.
3. Шайбани-наме // МИКХ. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.
4. Уәлиханов Ш. Ш. Шығармалар жинағы. 5 томдық. 2 т. А., 1985. 560 б.
5. Кинаятулы З. Преемственность в истории государств кочевников // В. кн.: История казахской государственности древность и средневековье. – Алматы: Адамдар. 2007.10-11 с.
6. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. – Ташкент: Фан, 1996. – 640 с.
7. Кумеков Б. Е. Государство кимаков IX-XI вв. По арабским источникам. Алма-Ата, 1972, - С. 157.
8. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар // МИКХ. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.
9. Грамоты из Сыгнака // МИКХ. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.
10. Тарих-и Рашиди // МИКХ. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.
11. Есмағамбетов К. Елдік белестері // Егемен Қазақстан. – 2015. № 14 (28492) – 23 қаңтар.
12. 171-б. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), 2-том. – Алматы. Атамұра, 2010. – 640 бет.
13. Кәрібаев Б.Б., Манатова А.М. XVI ғасыр басындағы Қазақ хандығының Шайбани әулетімен қарым-қатынасының кейбір мәселелері («Михман-наме-йи Бухара» мәліметтері негізінде) // Әл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2013. № 1 (68) – 25-29 бб.
14. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани. Михман наме-йи Бухара / Записки Бухарского гостя / Перевод, предисловие и примечания Р.П. Джалиловой. Под. ред. А.К. Арендса. – Москва. – 1976. – 196 с.
15. Шараф-наме-йи шахи // МИКХ. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.
16. Жолдасбаев С. Ж. Қыстаулар – тұрақты ғұмырдың белгісі // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. 2008. № 7. 81-85-бб.

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ТАРИХЫНА КЕҢЕСТІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ КӨЗҚАРАСЫ

Шакиева А.С.

тарих магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты

Кеңес Одағының коммунистік партиясының билігі кезінде КСРО құрамындағы республикалардың зерттеушілеріне ұлттық тарихты зерттеуге қойылған талаптарының әсері болды. Жошы Ұлысы (Алтын Орда) шамамен 200-250 жылдай уақыт өмір сүріп, оның құрамына енген халықтардың әлеуметік-экономикалық, мәдени институттарына әсерін тигізгені сөзсіз. Алайда, ортағасырлық мемлекет тарихына объективті бағаның әлсіз болғанын кеңес тарихнамасының мұрасы дәлелдейді. Сондай-ақ, кеңестік дәуірде Алтын Орда тарихына қатысты тарихнамалық дәстүрдің біркелкі болмағаны белгілі. Тарихта белгілі ресми мәліметтерден бөлек, саяси ықпал әсерінен арнаулы түрде жасырынды, бұрмаланған тұстары жеткілікті. Осылайша, кеңестік дәуірдің еңбектері қатаң «партиялық-идеологиялық» сынға түсіп, белсенді түрде ғылыми айналымдардан бірден алынып, кеңестік саясат сипатына сай еңбектер көп мөлшерде баспаға жарияланып отырды. Біз мақаланы жазуда кеңестік кезеңде қалыптасқан идеологиялық ұстанымдардың Жошы Ұлысының тарихын зерттеуге деген әсерін айқындап, талдауды мақсат еттік.